

"Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 118 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы № 167 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 21.10.2024 № 167 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) жоғарыда көрсетілген ереженің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін оны Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Амангелді ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауданының әкімі

T. Карбозов

Әкімдіктің

2022 жылғы "16" мамырдағы

№ 118 қаулысымен

бекітілген

"Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) өз құзіреті шегінде мемлекеттік саясатты түсіндіру, ақпаратты-насихаттау топтарының қызметін үйлестіру қызметін жүзеге асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің мынадай ведомстволары бар:

1) Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Қ. Әбенов атындағы мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Дүйсенбин көшесі, 38.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

мемлекет саясаты бойынша Амангелді ауданының көлемінде мәдениет, өнер және демалысын пайдалануды ұйымдастыру мақсатында тұрғындардың мәдени деңгейін көтеру және дамыту үшін, мәдениет, өнер және демалыс пайдалану жұмыстарын жүргізу;

аудан мәдениетінің дамуы туралы бағдарлама мен тұжырымдама дайындалап аудан әкімдігінің қарауына ұсыну, аудан ішіндегі саяси жағдайды талдау, оның өркендеуін болжау, қоғамдық пікірлерді зерттеу, мемлекеттік саясатты түсіндіру, ақпаратты-насихаттау топтарының қызметін үйлестіру, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялармен өзара іс-қимыл жасау, әлеуметтік – экономикалық және саяси сұраптар бойынша ақпараттарды өндеп және жинап, оларды бұқаралық ақпарат құралдарға шығуын қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы бағдарламаны жүзеге асыру, дene шынықтыру мен спортты насихаттауды жүзеге асыру, материалдық-техникалық базаны нығайту және қалпына келтіру, инфрақұрылымды дамыту;

жобаланған бағдарламаның орындалу мақсатында мәдениет, өнер және демалыс мекемелерінің қызметін үйлестіру;

ауданның мәдени-ағарту және демалыс мекемелері мен кәсіпорындарына басшылық жасау;

аудан көлемін мекендейтін барлық халықтардың ұлттық мәдениетін дамыту және сақтау өзара қарым-қатынасын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

басқа Республикалар, облыстар, аудандардың мәдени ұжымдарымен шығармашылық байланыстар жасау, сондай-ақ халықаралық қарым-қатынас және достастық негізінде шет елдік әріптестермен тәжірибе алмастыру;

көркемөнерпаздар шығармашылығын насиҳаттау және дамыту, халықтық, ұлттық көркем кәсіпшілікпен қолөнерді қайта құру, халық ауыз әдебиетін сақтау және дамыту, ұлттық мерекелермен салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениетті тұтасымен қорғау және тарихи-мәдени мұраларды пайдалану, тұрғындарға видео және кино көрсету қызметін жүргізуге бақылау жасау;

тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдалануды ұйымдастыру және қорғау жұмыстарын жүргізу;

мемлекеттік тіл мен Қазақстан халықтарының өзге тілдерін дамыту;

Қазақстан Республикасының Зандамасына қайшы келмейтін ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің міндеті мен мақсаты бойынша басқа да қызмет түрлерін жасайды.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұратуға, Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартуға, тиісті ұсыныстарды әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

Бөлімнің құқықтары мен мүдделерін, соның ішінде соттарда білдіру;

Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктеме беру;

мәдениет мәселелері бойынша Мемлекеттік басқару органдарымен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асуру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін, тұтынушылардың Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

аудан ішіндегі саяси жағдайды талдау, оның өркендеуін болжау, қоғамдық пікірлерді зерттеу;

мемлекеттік саясатты түсіндіру, ақпаратты-насихаттау топтарының қызметін үйлестіру;

қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялармен өзара іс-қимыл жасау;

элеуметтік – экономикалық және саяси сұрақтар бойынша ақпараттарды өндеп және жинап, оларды бұқаралық ақпарат құралдарға шығуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлықтары, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша әкімдік қаулылары, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдерін орындау жөніндегі есептерді даярлау және бақылауды жүзеге асырады;

бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлауды ұйымдастырады;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, мекемелерге сай келетін бөлімге жүктелген ақпараттық міндеттерді орындау үшін өз құзыреті шегінде ақпарат ала алады;

қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін, Бөлімнің мақсаты мен міндетіне жауап беретін басқа функцияларды орындаиды.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады, мекемеге жүктелген функциялардың орындалуына жеке жауапкершілікті мойнына алады;

- 2) өзінің қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін белгілейді және міндеттерін анықтайды;
- 3) мекеме қызметкерлерін қызметке қабылдайды және қызметтен босатады;
- 4) мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;
- 5) өз құзыреті шегінде мекеме қызметкерлері орындауға міндетті, құқықтық актілерді шығарады;
- 6) оның құзыретіне қатысты, басқа да мәселелерге шешім қабылдайды.
- 7) белгіленген тәртіппен азаматтардың жеке қабылдауын, өтініштерін, шағымдарын және хаттарын қарауды жүргізеді.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлім мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.